

**«6D090100-Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға «Тараз қалалық жолаушылар көлігінің маршруттық желілерін оңтайландыру» тақырыбындағы Б.У. Жаманбаевтың диссертациялық жұмысына
ШКІР**

Б. У. Жаманбаевтың диссертациясы Тараз қалалық жолаушылар көлігінің маршруттық желілерін жетілдіру мәселелеріне арналған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қалалық көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесінің күн тәртібінде өте өткір тұрғанына байланысты диссертация тақырыбының өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды. Соңғы уақытта тұрғындар тарапынан қалалық жолаушылар көлігімен тасымалдауға сұраныстың төмендеу үрдісі белең алып барады. Бұған себеп – жеке автомобильдер санының артуы, қалалық жолаушылар көлігімен халыққа көліктік қызмет көрсетудің қолжетімділігінің төмендеуі және оның сапалық деңгейінің нашарлауы болып табылады. Жолаушы тасымалдау көлемінің төмендеуі салдарынан көлік кәсіпорындарының экономикалық тиімділігі, яғни, ақшалай кірістері кемиді және бюджеттен қаржыландыруға деген қажеттілік артады.

Халыққа көліктік қызмет көрсету сапасын арттырудың және жалпы қалалық жолаушылар көлігі жүйесінің жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру жолдарының бірі – кәсіпорындардың тасымалдау шығындарын қысқартуға, жылжымалы құрамның санына деген қажеттілікті және жолаушылардың көлікпен жылжуға жұмсалатын шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін маршруттық желіні оңтайландыру әдістемелерін ойлап табу және оны жүзеге асыру болып табылады.

Диссертациялық жұмысын орындау барысында Б. У. Жаманбаев өзін ғылыми гипотезаларды әзірлеуге, талдауға және тексеруге, зерттеу нәтижелерін сын көзімен бағалауға қабілетті, мақсатқа ұмтылу жолында табандылық танытатын, ғылыми-зерттеу жүргізудің мұқият ойластырылған жоспарын жасай білетін зерттеуші ретінде көрсете білді. Ізденуші алған теориялық және практикалық нәтижелер жолаушылар көлігі жұмысының тиімділігін арттыру үшін айтарлықтай маңызға ие.

Автор жасаған әдістер мен алгоритмдердің ғылыми жаңалығы бар. Зерттеу нәтижелерін көлік компаниялары қалада жолаушылар тасымалын жоспарлау және ұйымдастыру туралы шешім қабылдау үшін пайдалана алады. Орындалған диссертациялық жұмыстың маңызды нәтижесі тек Тараз қаласында ғана емес, сонымен қатар көршілес өңірлер үшін де жолаушылар тасымалын игеру үшін жылжымалы құрамды экономикалық тұрғыдан тиімді пайдалану саласының ғылыми негіздемесі болып табылады.

Автор өзінің диссертациялық жұмысының алдына қойылған міндеттерді шешу жолдарын логикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға, экономикалық математикалық әдістерді жемісті қолдануға, алынған нәтижелерді заманауи әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, сауатты өңдеуге және түсіндіруге қабілетті жоғары білікті маман екенін көрсетті.

Зерттеулер нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды.

Біріншіден, автор қалалық жолаушылар көлігінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру бойынша зерттеулер жүргізді, қоғамдық көлікті тоқтағанға дейін жаяу жүргіншілердің қозғалысына әсер ететін факторларды талдады және анықтады. Өлшемдер теориясының негізінде аялдамалардың орналасуын негіздеудің математикалық моделін жасап шықты.

Екіншіден, мультиколониялық құмырсқа жүйесі әдісімен Тара қаласының қоғамдық көлік жүйесінде жолаушылардың оңтайлы жүру маршруттарының алгоритмін әзірледі.

Маршруттық желілерді жетілдіру бойынша алынған зерттеу деректері қалалық жолаушылар көлігін ұйымдастырудың бұл түрі дәстүрлі әдістермен қатар бәсекеге қабілетті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, диссертант Б. У. Жаманбаев дербес ғылыми зерттеулер жүргізу қабілетін жоғары деңгейде көрсете отырып, ғылыми қызметкер ретінде қалыптасты және диссертациялық жұмысты дайындау процесінде терең білім мен талдамалық дағдыларды көрсетті және «6D090100 – Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін беруге лайық деп сеніммен қорытынды жасауға болады.

Ғылыми кеңесші, т. ғ. д.,
профессор,



С.Е.Бекжанова



С.Е.Бекжанова